

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Көктемгі табиғат

ЖАРИЯЛАНДЫ
21.06.2019СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/58451/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Тәрбиеші: Сырымбет Сымбат Ілиясқызы**Білім беру саласы:** «Әлеумет», «Таным», «Шығармашылық».**Бөлімі:** «Қоршаған ортамен танысу»,

«Сөйлеуді дамыту», «Сурет салу».

Мақсаты: Қоршаған ортамен таныстырып, көктем мезгілінің ерекшелігін ажырата білуге дағдыландыру. Жәндіктердің, құстардың, көктем мезгіліндегі тіршілігімен таныстыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, Дәстүрден тыс әдістерді пайдалана отырып су бояқпен жұмыс істеуге қызығушылығын арттыру.

Әдіс-тәсіл: сұрақ-жауап, түсіндіру, үйрету.**Көрнекіліктер:** Көктемгі табиғат бұрышы, құстар, құмырсқа, кірпі.**Құрал-жабдықтар:** Ақ қағаз, субояқ, қылқалам.**Сөздік жұмыс:** Көктемгі табиғат, құмырсқа, құстар, кірпі.**Полингвалдық компонент:** Құмырсқа-муравей-, құстар-птицы-, табиғат-природа-.**Инклюзивтік әлеумет:** Сөздерді дұрыс анық айтуды үйрету**Кіріспе бөлімі:**

Шаттық шеңбері

Армысың шапағатты күніміз!

Армысың мейірімді жеріміз!

Армысың табиғат анамыз!

Келді сізге өзіңіздің балаңыз!

Здравствуй небо голубое!

Здравствуй солнце золотое!

Здравствуй воздуха вода!

Здравствуй матушка земля!

— Балалар шеңбер бойына тұрып сәлемдесу рәсімін жасайды.

Негізгі бөлім:

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем айларында неше ай бар?

-Көктем айларын атайықшы?

-Енді балалар біз көктемгі табиғатқа саяхатқа шығайық.

-Балалар мына бұрышқа көңіл бөліңдерші, қай жал мезгілі бейнеленген?

-Көктем мезгілінің ерекшеліктерін атайықшы?

-Көктем мезгіліндегі құстарға көңіл бөлейікші.

Құстар: — Сәлеметсіңдерме балалар.

-Құстар, сендер қайдан ұшып келдіңдер?

Құстар:-Біз көктем мезгілі келгендіктен өз мекенімізге келдік.

-Құмырсқалар сендер қайдан шығып жатырсыңдар?

Құмырсқалар: -Біз өзіміздің илеуімізден көктем келгенін біліп илеуімізді тазалап жазға дайындық жасап жатырмыз.

-Кірпі сен қайда барасың?

Кірпі:Көктем мезгіліне қуанып, саңырауқұлақ тергелі шықтым.

(Балалармен сөздік жұмыс жүргізу.)

(Балалармен жеке жұмыс жүргізу.)

Сергіту сәті:

Алақай, алақай

Шаттанады, балақай.

Жаңбыр-жаңбыр себелесе,

Тырс-тырс етіп төбеме.

Найзағай, жарқылда,

Сырт-сырт етіп сыртылда.

Көктем мезгілінің суретінің жұмыс бағытымен таныстыру.

(Балалармен шығармашылық жұмыс жүргізу.)

-Енді балалар көктем мезгіліндегі жауынның суретін саламыз.

(Тазалық құралымен жаңбыр тамшыларын бейнелеу.)

Жұмысты аяқтау.

Қимылды ойын «Ақ жауын»

-Күн шықты-Шаттанып қуанады

-Жаңбыр жауды-Басын бұғады.

-Жердегі ақ жауын-Аяғын тарсылдатады.

Қорытынды бөлім:

-Балалар біз қай жыл мезгіліне тоқталдық?

-Қандай жәндіктер мен құстармен таныстық.

-Құстар мен жәндіктердің көктем мезгіліне деген көңіл күйлері қалай екен?

-Біз ненің суретін бейнеледік?

-Өте жақсы балалар.

Оқу қызметіне белсенді қатысқан балаларға смайлик сыйлайды.